

Осы Шартта "мемлекеттік шекара" термині деп Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясының құрлықтағы, судағы, жер қойнауындағы және әуе кеңістігіндегі аумақтарының шектерін белгілейтін сызықты және осы сызық бойынша өтетін тік түскен кеңістік ұғынылады.

2-бап

Қазақстан-Ресей мемлекеттік шекарасының бастапқы нүктесі Тараптар арасындағы жеке шартпен белгіленеді.

3-бап

Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы мемлекеттік шекара Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы мемлекеттік шекара сызығының өту сипаттамасында (1-қосымша) қалай көрсетілсе және Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы Мемлекеттік шекара картасында (2-қосымша) қызыл түсті бірыңғай сызықпен қалай бейнеленсе, солай өтетін болады.

Аталған қосымшалар осы Шарттың ажырамас бөліктерін құрайды.

4-бап

Шекаралық өзендер, жылғалар арналарының, сондай-ақ су айдындарының жағалау сызығының кез келген табиғи өзгерісі, егер Тараптар өзге туралы уағдаласпаса, осы Шартта белгіленген мемлекеттік шекараның жағдайын өзгертуге әкеп соқпайды.

5-бап

Осы Шартқа сәйкес жергілікті жерлерде мемлекеттік шекараны анықтау және белгілеу, демаркация құжаттарының жобаларын дайындау үшін Тараптар тепе-теңдік негізде бірлескен қазақстан-ресей демаркациялық комиссиясын құрады.

6-бап

Мемлекеттік шекара режимі Тараптар арасындағы жеке шарттармен белгіленеді.

7-бап

Мемлекеттік шекара кесіп өтетін немесе мемлекеттік шекара бойынша өтетін пайдалы қазбалардың кен орындарын игеруге, инженерлік құрылыстарды, коммуникацияларды және инфрақұрылымның басқа да объектілерін пайдалануға байланысты мәселелер, сондай-ақ биологиялық ресурстарды сақтау мен пайдалану, суды пайдалану және табиғи ортаны қорғау мәселелері жеке келісімдермен реттеледі.

8-бап

Осы Шарт бекітілуге жатады және бекіту грамоталарымен алмасқан күннен бастап күшіне енеді.

2005 жылғы " __ " _____ қаласында әрқайсысы қазақ және орыс тілдерінде екі данада жасалды және де екі мәтіннің күші бірдей.

Қазақстан Республикасы үшін *Ресей Федерациясы үшін*

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ЖАРЛЫҒЫ Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы Қазақстан-ресей мемлекеттік шекарасы туралы шартқа қол қою туралы

Қ А У Л Ы Е Т Е М І Н :

1. Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы Қазақстан-ресей мемлекеттік шекарасы туралы шарттың жобасы мақұлдансын.
2. Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы Қазақстан-ресей мемлекеттік шекарасы туралы шартқа қол қойылсын.
3. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті